

**Сақтандыру ұйымымен зейнетақы аннуитеті шартын жасасу және зейнетақы жинақтарын (сатып алу сомасын) сақтандыру ұйымына, зейнетақы аннуитеті шарты бойынша бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына аудару қағидалары, сондай-ақ сақтандыру бойынша дерекқорды қалыптастыру және жүргізу жөніндегі ұйыммен зейнетақы аннуитеті шарттары бойынша деректер алмасу тәртібі және мерзімдерін бекіту туралы**

**Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі**

**Басқармасының 2023 жылғы 7 маусымдағы № 44 Қаулысы**

Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексі [15-бабының 6\) тармақшасына](#) және [227-бабы 4-тармағының 3\) тармақшасына](#) сәйкес Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Қоса беріліп отырған Сақтандыру ұйымымен зейнетақы аннуитеті шартын жасасу және зейнетақы жинақтарын (сатып алу сомасын) сақтандыру ұйымына зейнетақы аннуитеті шарты бойынша бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына аудару қағидалары, сондай-ақ сақтандыру бойынша дерекқорды қалыптастыру және жүргізу жөніндегі ұйыммен зейнетақы аннуитеті шарттары бойынша деректер алмасу [тәртібі және мерзімдері](#) (бұдан әрі – Қағидалар) бекітілсін.

2. «Сақтандыру ұйымымен зейнетақы аннуитеті шартын жасасу және зейнетақы жинақтарын (сатып алу сомасын) зейнетақы аннуитеті шарты бойынша сақтандыру ұйымына, бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына аудару қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 2022 жылғы 20 қазандағы № 73 [қаулысынын](#) (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 30325 болып тіркелген) күші жойылды деп танылсын.

3. Сақтандыру нарығы және актуарлық есеп айырысу департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) Заң департаментімен бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік [тіркеуді](#);

2) осы қаулыны ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды;

3) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Заң департаментіне осы тармақтың 2) тармақшасында көзделген іс-шараның орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Төрағасының жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

5. Осы қаулы 2024 жылғы 1 қантардан бастап қолданысқа енгізілестін Қағидалардың 1-тармағының [2\) және 3\) тармақшаларын](#), [6-тарауын](#) қоспағанда, 2023 жылғы 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізіледі және ресми [жариялануға](#) тиіс.

**Қазақстан Республикасының  
Қаржы нарығын реттеу және  
дамыту Агенттігінің Төрағасы**

**М. Абылқасымова**

Қазақстан Республикасының  
Қаржы нарығын реттеу және  
дамыту Агенттігінің  
Басқармасының 2023 жылғы  
7 маусымдағы № 44 [қаулыға](#)  
қосымша

**Сақтандыру ұйымымен зейнетақы аннуитеті шартын жасасу және зейнетақы жинақтарын (сатып алу сомасын) сақтандыру ұйымына, зейнетақы аннуитеті шарты бойынша бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына аудару қағидалары, сондай-ақ сақтандыру бойынша дерекқорды қалыптастыру және жүргізу жөніндегі ұйыммен зейнетақы аннуитеті шарттары бойынша деректер алмасу тәртібі және мерзімдері**

Сақтандыру ұйымымен зейнетақы аннуитеті шартын жасасу және зейнетақы жинақтарын (сатып алу сомасын) сақтандыру ұйымына, зейнетақы аннуитеті шарты бойынша бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына аудару қағидалары, сондай-ақ сақтандыру бойынша дерекқорды қалыптастыру және жүргізу жөніндегі ұйыммен зейнетақы аннуитеті шарттары бойынша деректер алмасу тәртібі және мерзімдері Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексі (бұдан әрі – Кодекс) [15-бабының 6\)](#) [тармақшасына](#) және [227-бабы 4-тармағының](#) тармақшасына сәйкес өзірленді.

## **1-тaraу. Жалпы ережелер**

1. Қағидаларда Кодексте көзделген ұғымдар, сондай-ақ мынадай ұғымдар мен қысқартулар пайдаланылады:

1) ақпараттық жүйе – ақпараттық өзара іс-қимыл арқылы белгілі бір технологиялық әрекеттерді іске асыратын және нақты функционалдық міндеттерді шешуге арналған ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың, қызмет көрсететін қызметкерлердің және техникалық құжаттаманың ұйымдастырылып ретке келтірілген жиынтығы;

*1-тармақтың 2) тармақшасы 2024 ж. 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі*

2) «Мүгедектігі бар адамдардың орталықтандырылған деректер банкі» автоматтандырылған ақпараттық жүйесі (бұдан әрі – «МОДБ» ААЖ) – мүгедектікті белгілеу, енбек ету қабілетінен айырылу,abilitациялау мен оңалтудың жеке бағдарламасын өзірлеу бойынша бизнес-процестерді автоматтандыруға, сондай-ақ медициналық-әлеуметтік сараптама бөлімдерінде куәландырудан өткен адамдар бойынша деректерді сақтау мен өндеуге арналған аппараттық-бағдарламалық кешен;

*1-тармақтың 3) тармақшасы 2024 ж. 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі*

3) сақтандыру бойынша бірыңғай дерекқорды қалыптастыру және жүргізу жөніндегі ұйым (бұдан әрі – СБДҚ қалыптастыру жөніндегі ұйым) – «Сақтандыру қызметі туралы» Қазақстан Республикасының [Занына](#) (бұдан әрі – Сақтандыру қызметі туралы заң) сәйкес сақтандыру бойынша бірыңғай дерекқорды қалыптастыру және жүргізу жөніндегі қызметті жүзеге асыратын ұйым;

4) сақтандыру бойынша бірыңғай дерекқор – сақтандыру ұйымы, сақтанушы, сақтандырылуши және пайда алушы туралы ақпарат жиынтығы (оның ішінде электрондық нысанда);

5) сақтанушы – Кодектің [226-бабына](#) сәйкес зейнетақы аннуитеті шартын жасасқан жеке тұлға;

6) сақтандырылуши – зейнетақы аннуитеті шартында айқындалған және зейнетақы аннуитеті шартына сәйкес сақтандыру төлемдерін алушы болып табылатын жеке тұлға;

7) сақтандыру сыйлықақысы – басқа сақтандыру ұйымымен немесе Қазақстан Республикасының бейрезиденті сақтандыру ұйымының филиалымен зейнетақы аннуитеті шартын бұзыу кезінде алынған, сақтанушының тандауы бойынша Қазақстан Республикасының сақтандыру ұйымына немесе Қазақстан Республикасының бейрезидент сақтандыру ұйымының филиалына зейнетақы аннуитетін сатып алуға жіберген зейнетақы жинақтары және (немесе) сатып алу сомасы;

8) Жөнелтуші қор:

міндетті зейнетақы жарналары салымшысының (салымшыларының), міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары аударылған жеке тұлғаның (жеке тұлғалардың) және (немесе) зейнетақы төлемдерін алушының (алушылардың) зейнетақы жинақтары сақтандыру үйымымен зейнетақы аннуитеті шартын немесе зейнетақы аннуитеті шартына қосымша келісім жасасуына байланысты сақтандыру үйымына аударылатын бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры;

сақтандыру үйымымен зейнетақы аннуитеті шартын немесе зейнетақы аннуитеті шартына қосымша келісім жасасуға байланысты ерікті зейнетақы жарналары есебінен салымшының (салымшылардың) және (немесе) алушының (алушылардың) зейнетақы жинақтары аударылатын бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры не ерікті жинақтаушы зейнетақы қоры;

9) Алушы қор – Кодекстің [226-бабының 13-тармағына](#) сәйкес сақтанушының (сақтанушылардың) өтінішіне байланысты қайтарылуға жататын ақша сомасы аударылатын бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры;

10) өтініш беруші – міндетті зейнетақы жарналарының салымшысы және (немесе) оған міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары аударылған жеке тұлға;

11) сақтандыру үйымының ішкі құжатымен бекітілген нысан бойынша зейнетақы аннуитеті шартын жасасу туралы өтініш (бұдан әрі – өтініш) – сақтандыру сыйлықақысын есептеу және өтініш берушіні (өтініш берушілерді) және (немесе) зейнетақы төлемдерін алушыны (алушыларды) және (немесе) сақтанушыны (сақтанушыларды) (немесе) сақтандырылуышыны (сақтандырылуышыларды) идентификаттау үшін қажетті деректерді қамтитын құжат;

12) алушы – бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан зейнетақы төлемдерін алушы;

13) жөнелтуші сақтандыру үйымы – зейнетақы аннуитеті шартының бұзылуына байланысты сатып алу сомасы басқа сақтандыру үйымына аударылатын сақтандыру үйымы және (немесе) оған сақтандыру төлемдерінің мөлшерін ұлғайту немесе азайту бөлігінде езгерістер енгізілтүіне байланысты Алушы қорға қайтарылуға жататын ақша сомасы;

14) халықты әлеуметтік қорғау саласындағы уәқілетті орган – әлеуметтік-еңбек саласындағы басшылықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органды;

2. Зейнетақы аннуитеті шарты немесе зейнетақы аннуитеті шартына қосымша келісім Қағидалардың [4-тармағына](#) сәйкес ұсынылған құжаттардың негізінде жазбаша нысанда жасалады.

3. Зейнетақы аннуитеті шарты немесе зейнетақы аннуитеті шартына қосымша келісім өтініш берушінің (өтініш берушілердің) және (немесе) алушының (алушылардың) және (немесе) сақтанушының (сақтанушылардың) сақтандыру үйымына жазбаша өтініші арқылы жасалады.

Зейнетақы аннуитеті шарты Жөнелтуші қор және (немесе) жөнелтуші сақтандыру үйымы сақтандыру сыйлықақысының сомасын сақтандыру үйымына толық көлемде аударған сэттен бастап күшіне енеді және тараптар үшін міндетті болады.

## **2-тaraу. Сақтандыру үйымымен зейнетақы аннуитеті шартын жасасу тәртібі**

4. Өтініш беруші (өтініш берушілер) және (немесе) алушы (алушылар) және (немесе) сақтанушы (сақтанушылар) зейнетақы аннуитеті шартын жасасу мақсатында сақтандыру үйымына мынадай құжаттарды ұсына отырып жүгінеді:

1) өтініш;

2) өтініш берушінің (өтініш берушілердің) және (немесе) алушының (алушылардың) және (немесе) сақтанушының (сақтанушылардың) жеке басын қуәландыратын құжаттың түпнұсқасы (идентификаттау үшін);

3) өтініш берушінің (өтініш берушілердің) және (немесе) алушының (алушылардың) және (немесе) сақтанушының (сақтанушылардың) банктік деректемелері туралы мәліметтер;

4) өтініш беруші (өтініш берушілер) және (немесе) алушы (алушылар) және (немесе) сақтанушы (сақтанушылар) өтініш беруші және (немесе) алушы және (немесе) сақтанушы және (немесе) сақтандырылған адам қайтыс болған жағдайда зейнетакы аннуитеті шартында пайда алушы ретінде көрсетуге ниет білдірген адамның жеке басын куәланыратын құжаттың көшірмесі;

5) сақтандырылуышының (сақтандырылуышылардың) жеке басын куәланыратын құжаттың көшірмесі.

5. Өтініш берушінің және (немесе) алушының және (немесе) сақтанушының өтінішпен жеке жүгінуге мүмкіндігі болмаған жағдайда, өтініш беруші және (немесе) алушы және (немесе) сақтанушы жеке немесе заңды тұлғаға (бұдан әрі – сенім білдірілген тұлға) сақтандыру ұйымының атауын және өтініш берушінің және (немесе) алушының және (немесе) сақтанушының атынан өтінішке және зейнетакы аннуитеті шартына қол қою екілеттіктерін көрсетіп, өтінішпен жүгінуге нотариат куәланырған сенімхат береді.

6. Сенім білдірілген тұлға өтініш берушінің және (немесе) алушының және (немесе) сақтанушының атынан өтініш беру мақсатында Қағидалардың [4-тармағының 1\), 3\), 4\)](#) және [5\) тармақшаларында](#) көрсетілген құжаттармен қатар, сақтандыру ұйымына:

1) нотариат куәланырған сенімхатты;

2) өтініш берушінің және (немесе) алушының және (немесе) сақтанушының жеке басын куәланыратын құжаттың көшірмесін;

3) сенім білдірілген тұлғаның жеке басын куәланыратын құжаттың тұпнұсқасын (идентификаттау үшін) да ұсынады.

7. Сақтандыру ұйымы өтініш берушіге (өтініш берушілерге) және (немесе) алушыға (алушыларға) және (немесе) сақтанушыға (сақтанушыларға) немесе сенім білдірілген тұлғага:

1) Қағидалардың 4-тармағында көзделген құжаттардың толық топтамасы ұсынылмаған;

2) өтініш беруші (өтініш берушілер) және (немесе) алушы (алушылар) және (немесе) сақтанушы (сақтанушылар) Кодекстің [220-бабы 1-тармағының 1\), 2\)](#) және [4\) тармақшаларында](#), [221-бабы 1-тармағының 1\), 2\)](#) және [4\) тармақшаларында](#) көрсетілген тұлғалардың санаттарына сәйкес келмеген;

3) Кодекстің [225-бабының 2-тармағына](#) сәйкес белгіленген және зейнетакы аннуитеті шартын жасасу үшін қолданыста болатын мөлшерден төмен емес төлемді қамтамасыз ету үшін зейнетакы жинактары жеткіліксіз болған;

4) өтініш берушінің (өтініш берушілердің) және (немесе) алушының (алушылардың) және (немесе) сақтанушының (сақтанушылардың) немесе сенім білдірілген тұлғаның жеке басын куәланыратын құжат жарамсыз болған;

5) сенім білдірілген тұлға сенімхатының қолданыс мерзімі аяқталған не сенім білдірілген тұлғаның сенімхаты Қазақстан Республикасы азаматтық заңнамасының талаптарына сәйкес келмеген (сенім білдірілген тұлға арқылы өтініш жасаған кезде) жағдайларда зейнетакы аннуитеті шартын жасасу мүмкін еместігінің себептерін көрсете отырып, дәлелді жазбаша жауап береді.

8. Сақтандыру ұйымының интернет-ресурсын пайдалана отырып зейнетакы аннуитеті шартын жасасу кезінде сақтандыру ұйымы:

1) Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21425 болып тіркелген «Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға), терроризмді қаржыландыруға және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға қарсы іс-қимыл мақсатында сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары, сақтандыру брокерлері, өзара сақтандыру қоғамдары, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының филиалдары және Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру брокерлерінің филиалдары үшін ішкі бақылау

қағидаларына қойылатын талаптарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Каржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 2020 жылғы 12 қазандағы № 97 [қаулысында](#) және Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17250 болып тіркелген «Іскерлік қатынастар қашықтықтан орнатылған жағдайда каржы мониторингі субъектілерінің клиенттерді тиісінше тексеруіне қойылатын талаптарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылғы 29 маусымдағы № 140 [қаулысында](#) көзделген кез келген тәсілмен өтініш берушіні (өтініш берушілерді) және (немесе) алушыны (алушыларды) және (немесе) сақтанушыны (сақтанушыларды) идентификаттауды;

2) өтініш берушіге (өтініш берушілерге) және (немесе) алушыға (алушыларға) және (немесе) сақтанушыға (сақтанушыларға) зейнетакы аннуитеті шартын жасасу не оны жасасудан бас тарту туралы хабарламаны (Қағидалардың [7-тармағына](#) сәйкес бас тарту себептерін көрсете отырып) электрондық хабар түрінде дереу жіберуді;

3) өтініш берушінің (өтініш берушілердің) және (немесе) алушының (алушылардың) және (немесе) сақтанушының (сақтанушылардың) зейнетакы аннуитеті шарты бойынша ақпаратты сақтандыру ұйымының ақпараттық жүйесі арқылы тексеру мүмкіндігін;

4) зейнетакы аннуитеті шартын өтініш беруші (өтініш берушілер) және (немесе) алушы (алушылар) және (немесе) сақтанушы (сақтанушылар) үшін тәулік бойы қолжетімділікті қамтамасыз ете отырып, құжаттардың сканерленген көшірмелері қоса берілген электрондық нысанда сақтандыру ұйымының интернет-ресурсында сақтауды;

5) өтініш берушіге (өтініш берушілерге) және (немесе) алушыға (алушыларға) және (немесе) сақтанушыға (сақтанушыларға) сақтандыру ұйымына:

мәліметтерді өзгерту, оның ішінде қолданыстағы зейнетакы аннуитеті шартына қосымша келісім жасасу;

Кодексте көзделген жағдайларда зейнетакы аннуитеті шартын мерзімінен бұрын тоқтату;

сақтандыру төлемін алу үшін қажетті ақпаратты электрондық нысанда жасау және жіберу мүмкіндігін қамтамасыз етуге міндетті.

9. Сақтандыру ұйымының қызметкері өтініш беруші (өтініш берушілер) және (немесе) алушы (алушылар) және (немесе) сақтанушы (сақтанушылар) немесе сенім білдірілген тұлға ұсынған құжаттарға ескертулер болмаған кезде:

1) өтініш берушіні (өтініш берушілерді) және (немесе) алушыны (алушыларды) және (немесе) сақтанушыны (сақтанушыларды) немесе сенім білдірілген тұлғаны сақтандыру ұйымынан төленетін сақтандыру төлемдері мөлшерінің есептерімен таныстырады;

2) зейнетакы аннуитеті шартын немесе зейнетакы аннуитеті шартына қосымша келісім ресімдейді;

3) зейнетакы аннуитеті шартын жасасу, сақтандыру сыйлықақысын сақтандыру ұйымына аудару үшін қажетті Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының ақпараттық жүйелеріне жіберілетін сұрау салуларды қоса алғанда, өтініш берушінің (өтініш берушілердің) және (немесе) алушының (алушылардың) және (немесе) сақтанушының (сақтанушылардың) дербес деректерін жинауға және өңдеуге келісімін (дербес деректерді жинауға және өңдеуге келісім) алады.

10. Қолданыстағы зейнетакы аннуитеті шартына өзгерістер енгізілген кезде, өтініш беруші (өтініш берушілер) және (немесе) алушы (алушылар) және (немесе) сақтанушы (сақтанушылар) немесе сенім білдірілген тұлға Қағидалардың [4-тармағында](#) көрсетілген құжаттарды ұсынады, ал сақтандыру ұйымы Қағидалардың [7, 8](#) және [9-тармақтарында](#) көрсетілген әрекеттерді жасайды.

**3-тaraу. Зейнетакы аннуитеті шарты бойынша зейнетакы жинақтарын сақтандыру ұйымына аудару тәртібі**

11. Өтініш беруші және (немесе) алушы зейнетақы жинақтарын сақтандыру үйымына аудару мақсатында Жөнелтуші қорға мынадай құжаттарды ұсынады:

1) Жөнелтуші қордың ішкі құжатымен бекітілген нысан бойынша зейнетақы жинақтарын аударуга өтініш;

2) өтініш берушінің және (немесе) алушының жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесін және оның түпнұсқасы;

3) өтініш берушінің және (немесе) алушының сақтандыру үйымымен жасасқан зейнетақы аннуитеті шартының түпнұсқасы.

12. Өтініш берушінің және (немесе) алушының зейнетақы жинақтарын аудару туралы өтінішпен жеке жүгінуі мүмкін болмаған жағдайда, өтініш беруші және (немесе) алушы жеке немесе заңды тұлғаға (бұдан әрі – сенім білдірілген тұлға) сенімхатта сақтандыру үйымының атауын көрсете отырып, зейнетақы жинақтарын аудару және өтініш берушінің және (немесе) алушының атынан зейнетақы жинақтарын аудару туралы өтінішке қол қою жөніндегі өкілеттіктері туралы өтініш жасауға нотариат куәландырган сенімхатты береді.

13. Қағидалардың [11-тармағының 1\) және 3\) тармақшаларында](#) көрсетілген құжаттардан басқа, Сенім білдірілген тұлға зейнетақы жинақтарын сақтандыру үйымына аудару мақсатында Жөнелтуші қорға қосымша:

1) егер сенімхатта бір мезгілде бірнеше үйымда сенім білдірушінің мүдделерін білдіру өкілеттігі болса, нотариат куәландырган сенімхаттың түпнұсқасы немесе оның нотариат куәландырган көшірмесін;

2) өтініш берушінің және (немесе) алушының жеке басын куәландыратын құжаттың нотариат куәландырган көшірмесін;

3) сенім білдірілген тұлғаның жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі және оның түпнұсқасын (сәйкестендіру үшін) ұсынады.

14. Жөнелтуші қор зейнетақы жинақтарын аудару туралы өтініште толтырылуға тиіс мәліметтердің дұрыстығын тексереді және өтініш берушіге және (немесе) алушыға немесе сенім білдірілген адамға Жөнелтуші қордың ішкі құжатымен бекітілген нысан бойынша құжаттардың қабылданғаны туралы қолхат береді. Егер Кодекстің [220-бабы 1-тармағының 2\) тармақшасында, 221-бабы 1-тармағының 2\) тармақшасында](#) көрсетілген тұлға өтініш беруші және (немесе) алушы болып табылса, Жөнелтуші қор Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі мен Жөнелтуші қордың ақпараттық жүйелерінің өзара іс-қимылы туралы келісім шеңберінде, Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлінің міндетін атқарушының 2017 жылғы 3 тамыздағы № 232 бүйрүгімен бекітілген, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15629 болып тіркелген, Орталық атқарушы орган мен бірынғай жинақтаушы зейнетақы қорынын ақпараттық жүйелері арасында жеке зейнетақы шоттары бойынша қозғалыстары туралы, сондай-ақ зейнетақы төлемдерін алушылар мен олардың мөлшері туралы ақпарат алмасу [қағидаларына](#) сәйкес зейнетақы жинақтарын аудару туралы өтініш келіп түсken күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде және онда «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Қазақстан Республикасының [Занына](#) сәйкес өтініш берушінің және (немесе) алушының дербес деректерді жинауға және өңдеуге келісімі болған жағдайда, өтініш білдірілген өтініш берушіден және (немесе) алушыдан «МОДБ» АЖ-дан мерзімсіз белгіленген бірінші немесе екінші топтағы мүгедектігінің болуы туралы мәліметтерді сұрапады.

Егер Кодекстің [221-бабы 1-тармағының 4\) тармақшасында](#) көрсетілген адам өтініш беруші және (немесе) алушы болып табылса, Жөнелтуші қор өзінің ақпараттық жүйесінде міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын жиынтығында кемінде күнтізбелік 60 (алпыс) ай төлеу фактісін тексереді.

15. Жөнелтуші қор құжаттарды қабылдау кезінде өтініш берушіге және (немесе) алушыға немесе сенім білдірілген тұлғаға зейнетақы жинақтарын аудару туралы өтінішті қабылдау және мынадай жағдайларда орындау мүмкін еместігінің себептерін көрсете отырып, жазбаша дәлелді жауап береді:

1) осы Қағидалардың [11](#) немесе [13-тармақтарында](#) көзделген құжаттар топтамасын толық ұсынбау;

2) өтініш берушінің және (немесе) алушының жеке басын қуәландыратын құжатта көрсетілген тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде), туган күні, жеке сәйкестендіру нөмірі (бұдан әрі - ЖСН) зейнетақы аннуитеті шартында және (немесе) Жөнелтуші қордың дерекқорында көрсетілген тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде), туган күні, ЖСН сәйкес келмеу;

3) өтініш берушінің және (немесе) алушының жеке зейнетақы шотында зейнетақы жинақтарының болмауы не өтініш берушінің және (немесе) алушының атына ашылған жеке зейнетақы шотының болмауы;

4) зейнетақы жинақтарын аударуға өтініш берген күнге өтініш берушінің және (немесе) алушының немесе сенім білдірілген тұлғаның жеке басын қуәландыратын құжаттың жарамсыз болуы;

5) зейнетақы жинақтарын аударуға өтініш берген күнгі сенімхаттың қолданылу мерзімінің өтуі немесе сенімхаттың оны ресімдеуге арналған Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасының талаптарына сәйкес келмеуі, өтініш берушінің және (немесе) алушының атынан зейнетақы жинақтарын аудару туралы өтінішке (сенім білдірілген тұлға арқылы жүгінген жағдайда) қол қою өкілеттіктерінің болмауы;

6) өтініш берушінің және (немесе) алушының жеке зейнетақы шоттары бойынша міндettі зейнетақы жарналарын және (немесе) міндettі кәсіптік зейнетақы жарналарын және (немесе) ерікті зейнетақы жарналарын (болған жағдайда) есепке алу үшін зейнетақы жинақтарының сомасы зейнетақы жинақтарын аудару туралы өтініш берілген күнге зейнетақы аннуитеті шартында белгіленген зейнетақы жинақтарының сомасынан аз болғаны;

7) егер Кодекстің [220-бабы 1-тармағының 2\) тармақшасында](#), [221-бабы 1-тармағының 2\) тармақшасында](#) көрсетілген тұлға өтініш беруші және (немесе) алушы болып табылса, өтініш берушінің және (немесе) алушының бірінші немесе екінші топтағы мүгедектігін белгілеу туралы белгісіз мерзімге мәліметтердің болмауы;

8) егер Кодекстің [221-бабы 1-тармағының 4\) тармақшасында](#) көрсетілген тұлға өтініш беруші және (немесе) алушы болып табылса (болып табылса), жиынтық күнтізбелік 60 (алпыс) айдан аз зейнетақы жинақтарын аударуға өтініш берген күнге міндettі кәсіптік зейнетақы жарналарын төлеу.

16. Жөнелтуші қор өтініш берушігे және (немесе) алушыға немесе сенім білдірілген тұлғаға жинақталған зейнетақы жинағын аудару туралы өтінішті орындау мүмкін еместігінің себептерін көрсете отырып, оның зейнетақы жинағын аудару туралы өтінішін алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде жазбаша нысанда мына жағдайларда дәлелді жауап жібереді:

1) зейнетақы жинағын аудару туралы өтініште көрсетілген мәліметтер Қағидалардың [11](#) немесе [13-тармақтарына](#) сәйкес ұсынылған құжаттарда көрсетілген мәліметтерге сәйкес келмеуі;

2) өтініш беруші және (немесе) алушы Кодекстің [207-бабының 1-тармағында](#), [220-бабы 1-тармағының 2\) және 4\) тармақшаларында](#), [221-бабының 1-тармағының 2\) және 4\) тармақшаларында](#) көрсетілген адамдардың санаттарына сәйкес келмеуі;

3) егер зейнетақы жинағын аудару күніне өтініш берушінің және (немесе) алушының міндettі зейнетақы жарналары және (немесе) міндettі кәсіптік зейнетақы жарналары және (немесе) ерікті зейнетақы жарналары (болған кезде) бойынша жеке зейнетақы шоттарындағы зейнетақы жинақтарының сомасы зейнетақы аннуитеті шартында көрсетілген зейнетақы жинақтарының сомасынан аз болуы;

4) Қағидалардың [11](#) немесе [13-тармақтарына](#) сәйкес ұсынылған құжаттардың Кодекстің талаптарына сәйкес келмеуі.

17. Жөнелтуші қор Қағидалардың 11 немесе 13-тармақтарының талаптарына сәйкес келетін құжаттарды алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күнінен аспайтын мерзімде:

1) зейнетақы жинақтары сақтандыру үйіміна аударылатын жеке тұлғалардың тізімін қоса бере отырып, МТ 102 форматында электрондық төлем хабарламасын қалыптастырады. Жеке тұлғалардың тізімі өтініш берушінің және (немесе) алушының тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса), туған күні, ЖСН туралы, сондай-ақ аударым сомасы туралы мәліметтерді қамтиды;

2) зейнетақы жинақтарын аудару үшін өзінің кастодиан банкіне МТ 102 форматындағы төлем хабарламасын береді.

18. Міндettі зейнетақы жарналары және (немесе) міндettі кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен қалыптастырылған зейнетақы жинақтарының сомасы аудару күніне жеткіліксіз болған кезде Жөнелтуші қор өтініш берушінің және (немесе) алушының зейнетақы жарналарын аудару туралы өтініште көрсетілген ерікті зейнетақы жарналары есебінен қалыптастырылған зейнетақы жинақтарын пайдалануға келісімі болған кезде Қағидалардың 11 және 13-тармақтарында көзделген өтініш берушінің және (немесе) алушының жинақтары міндettі зейнетақы жарналары және (немесе) міндettі кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен қалыптастырылған зейнетақы жинақтарына қосымша ерікті зейнетақы жарналары есебінен қалыптастырылған зейнетақы жинақтарын аударады.

19. Сақтандыру үйімі зейнетақы аннуитеті шарты тараптарының келісімімен айқындалған жазбаша немесе өзге тәсілмен өтініш берушінің және (немесе) алушыны зейнетақы жинақтарының келіп түскені туралы олар сақтандыру үйімінің шотына есепке жатқызылған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде хабардар етеді.

Сақтандыру үйімінің хабарламасында түскен зейнетақы жинақтарының сомасы көрсетіледі.

20. Жөнелтуші қордың кастодиан банкі өтініш берушінің және (немесе) алушының зейнетақы жинақтарын сақтандыру үйіміна аударуға Жөнелтуші қордың МТ 102 форматында төлем хабарын алған кезде Жөнелтуші қор оған бастама жасаған күні өтініш берушінің және (немесе) алушының қалыптастырылған зейнетақы жинақтарын Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14365 болып тіркелген, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 31 тамыздағы № 203 қаулысымен бекітілген Экономика секторларының және төлемдер белгілеу кодтарын қолдану [қағидаларына](#) (бұдан әрі – № 203 Қағидалар) сәйкес айқындалатын төлемдер белгілеу кодтарын көрсете отырып, міндettі зейнетақы жарналары, міндettі кәсіптік зейнетақы жарналары, ерікті зейнетақы жарналары есебінен сақтандыру үйіміна аударады.

21. Аударым жасалатын міндettі зейнетақы жарналары, міндettі кәсіптік зейнетақы жарналары, ерікті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақы жинақтарын сақтандыру қорына қайтару кезінде Жөнелтуші қор сақтандыру үйімінан зейнетақы жинақтарын қайтару күнінен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде өтініш берушінің және (немесе) алушыны сақтандыру үйімінан зейнетақы жинақтарын қайтару туралы жазбаша немесе өзге де тәсілмен хабардар етеді.

22. Зейнетақы жинақтарын сақтандыру үйімінан қайтарған кезде Жөнелтуші қор сақтандыру сыйлықақысын қабылдайды.

Сақтандыру үйімі зейнетақы жинақтарын қайтаруға арналған төлем тапсырманы Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14419 болып тіркелген, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 31 тамыздағы № 208 қаулысымен бекітілген, Қазақстан Республикасының аумағында қолма-қол жасалмайтын төлемдер мен ақша аударымдарын жүзеге асыру [қағидаларының](#), № 203 Қағидалардың талаптарына сәйкес жүзеге асырады.

Сақтандыру үйімі тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), туған күні, ЖСН, қайтару сомасы туралы мәліметтерді қамтитын жеке тұлғалардың тізімін, сондай-ақ ол бойынша зейнетақы жинақтарын Жөнелтуші қорға қайтару жүзеге асырылатын төлем тапсырманың нөмірі мен күнін қоса бере отырып, МТ 102 форматында зейнетақы жинақтарын қайтаруға арналған төлем тапсырманы жасайды.

#### **4-тарау. Зейнетақы аннуитеті шарты бойынша сақтандыру ұйымына сатып алу сомасын аудару тәртібі**

23. Сақтанушы сатып алу сомасын басқа сақтандыру ұйымына аудару мақсатында Жөнелтуші сақтандыру ұйымына мынадай құжаттарды ұсынады:

- 1) жөнелтуші сақтандыру ұйымының ішкі құжатымен бекітілген нысан бойынша сатып алу сомасын аудару туралы өтініш;
- 2) сақтанушының жеке басын күэландағыратын құжаттың көшірмесі және оның түпнұсқасы (идентификаттау үшін);
- 3) сақтанушының сақтандыру ұйымымен жасаган зейнетақы аннуитеті шартының түпнұсқасы.

24. Сақтанушының сатып алу сомасын аудару туралы өтінішпен жеке жүгіні мүмкін болмаған кезде сақтанушы сенімхатта сақтандыру ұйымының атауын және сақтанушының атынан сатып алу сомасын аудару туралы өтінішке қол қою өкілеттігін көрсете отырып, жеке немесе занды тұлғаға (бұдан әрі – сенім білдірілген тұлға) сатып алу сомасын аудару туралы өтінішпен жүгінуге нотариат күэландағыран сенімхат береді.

25. Сенім білдірілген тұлға сатып алу сомасын сақтандыру ұйымына аудару мақсатында Қағидалардың [23-тармағының 1\) және 3\) тармақшаларында](#) көрсетілген құжаттардан басқа, Жөнелтуші сақтандыру ұйымына:

- 1) нотариат күэландағыран сенімхаттың түпнұсқасы немесе егер сенімхатта бір мезгілде бірнеше ұйымда сенім білдірушінің мүдделерін білдіру өкілеттігі болса оның нотариат күэландағыран көшірмесін;
- 2) сақтанушының жеке басын күэландағыратын құжаттың нотариат күэландағыран көшірмесін;
- 3) сенім білдірілген тұлғаның жеке басын күэландағыратын құжаттың көшірмесін және оның түпнұсқасын (идентификаттау үшін) қосымша ұсынады.

26. Жөнелтуші сақтандыру ұйымы сатып алу сомасын аудару туралы өтініште толтырылуға тиіс мәліметтердің дұрыс көрсетілуін тексереді және ұсынылған құжаттардың толық тізбесін және оларды қабылдау күнін көрсете отырып, сақтанушыға немесе сенім білдірілген тұлғаға құжаттарды қабылдау туралы қолхат береді.

27. Жөнелтуші сақтандыру ұйымы құжаттарды қабылдаған кезде сақтанушыға немесе сенім білдірілген тұлғаға мынадай жағдайларда сатып алу сомасын аудару туралы өтінішті қабылдау және ресімдеудің мүмкін болмауының себептерін көрсете отырып, негізінде жазбаша жауап береді:

- 1) Қағидалардың [23](#) немесе [25-тармақтарында](#) көзделген құжаттар топтамасының толық көлемде өткізілмеуі;
- 2) сатып алу сомасын аударуга өтініш берген күні сақтанушының немесе сенім білдірілген тұлғаның жеке басын күэландағыратын құжаттың жарамсыздығы;
- 3) сатып алу сомасын аудару туралы өтініш берілген күні сенімхаттың қолданылу мерзімінің аяқталуы немесе сенімхаттың оны ресімдеуге арналған Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасының талаптарына сәйкес келмеуі, өкілеттіктерінің болмауы (сенім білдірілген тұлға арқылы өтініш берген кезде);
- 4) сатып алу сомасын аудару туралы өтініш берілген күні сатып алу сомасы зейнетақы аннуитеті шартында көрсетілген сақтандыру сыйлықақысының сомасынан аз болса;
- 5) зейнетақы аннуитеті шарты бойынша сатып алу сомасын аудару туралы өтініш осындай шарт жасалған күннен бастап 2 (екі) жыл толмай тұрып түскен болса.

28. Сақтандыру ұйымы жазбаша немесе зейнетақы аннуитеті шарты тараптарының келісімінде айқындалған өзге де тәсілмен сақтанушыға сатып алу сомасы сақтандыру ұйымының шотына есепке алынған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күнінің ішінде сатып алу сомасының түскені туралы хабарлайды.

## **5-тaraу. Зейнетақы аннуитеті шарты бойынша сатып алу сомасын Жөнелтуші қорға аудару тәртібі**

29. Кодекстің [226-бабының 13-тармағына](#) сәйкес Алушы қорға қайтарылуға жататын ақша сомасын аудару мақсатында сақтанушы Жөнелтуші сактандыру үйымына келесі құжаттарды ұсынады:

1) Жөнелтуші сақтандыру үйымының ішкі құжаттымен бекітілген нысан бойынша сақтандыру төлемдерінің мөлшерін азайту және Алушы қорға ақшаны қайтару бөлігінде Шарт талаптарын өзгерту туралы өтініш (бұдан әрі – шарт талаптарын өзгерту туралы өтініш);

2) сақтанушының жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі және оның түпнұсқасы (идентификаттау үшін)

30. Сақтанушының шарт талаптарын өзгерту туралы өтінішпен жеке жүгінүі мүмкін болмаған жағдайда сақтанушы сенімхатта Жөнелтуші сақтандыру үйымының атауын және сақтанушының атынан шарт талаптарын өзгерту туралы өтінішке қол қою өкілеттігін көрсете отырып, шарт талаптарын өзгерту туралы өтінішпен жүгінүі үшін сенім білдірілген тұлғага нотариат куәландырған сенімхат береді.

31. Шарт талаптарын сақтандыру төлемдерінің сомасын азайту және Алушы қорға ақшаны қайтару бөлігінде өзгерту үшін Қағидалардың [29-тармағында](#) көрсетілген құжаттардан бөлек сенім білдірілген тұлға Алушы қорға мыналарды қосымша ұсынады:

1) нотариат куәландырған сенімхаттың түпнұсқасы немесе егер сенімхатта бір мезгілде бірнеше үйымда сенім білдірушінің мүдделерін білдіру құқығы болса, оның нотариат куәландырған көшірмесі;

2) сақтанушының жеке басын куәландыратын құжаттың нотариат куәландырған көшірмесі;

3) сенім білдірілген тұлғаның жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі және оның түпнұсқасы (идентификаттау үшін).

32. Жөнелтуші сақтандыру үйымы шарт талаптарын өзгерту туралы өтініште толтырылатын мәліметтерді көрсетудің дұрыстығын тексереді және сақтанушыға немесе сенім білдірілген тұлғага Жөнелтуші сақтандыру үйымының ішкі құжаттымен бекітілген нысан бойынша құжаттардың қабылданғаны туралы қолхат береді, онда ұсынылған құжаттардың толық тізбесі және олардың қабылданған күні көрсетіледі.

33. Жөнелтуші сақтандыру үйымы құжаттарды қабылдау кезінде сақтанушыға немесе сенім білдірілген тұлғага шарт талаптарын өзгерту туралы өтінішті келесі жағдайларда қабылдау және орындаудың мүмкін болмауының себептері көрсетілген негізді жазбаша жауап ұсынады:

1) Қағидалардың [29](#) және [31-тармақтарында](#) көзделген құжаттар топтамасының толық қолемде өткізілмеуі;

2) шарт талаптарын өзгерту туралы өтініш берілген күні сақтанушының немесе сенім білдірілген тұлғаның жеке басын куәландыратын құжаттың жарамсыздығы;

3) сақтандыру төлемдерінің сомасын азайту және Жөнелтуші қорға ақшаны қайтару бөлігінде шарт талаптарын өзгерту туралы өтініш берілген күні сақтандыру төлемдерінің сомасын азайту және Жөнелтуші қорға ақшаны қайтару бөлігінде шарт талаптарын өзгерту үшін зейнетақы аннуитеті шарты бойынша сатып алу сомасының жеткіліксіздігі;

4) шарттың талаптарын өзгерту туралы өтініш осындашынан шарт жасалған күннен бастап 2 (екі) жылдан аз мерзімді құрайтын мерзімде келіп тұсті.

34. Сақтандыру үйымы-жөнелтуші сақтанушыға немесе сенім білдірілген тұлғага сақтандыру төлемдерінің мөлшерін азайту және мына жағдайларда Жөнелтуші қорға ақшаны қайтару бөлігінде шарт талаптарын өзгерту туралы оның өтінішін алған күннен бастап күнтізбелік 10 (он) күн ішінде шарт талаптарын өзгерту туралы өтінішті

орындаудың мүмкін еместігінің себептерін көрсете отырып, жазбаша нысанда уәжді жауап жібереді:

1) сақтанушының жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілген тегінің, атының, әкесінің атының (бар болса), туған күнінің, жеке сәйкестендіру нөмірінің (бұдан әрі – ЖСН) зейнетақы аннуитеті шартында көрсетілген тегімен, атымен, әкесінің атымен (бар болса), туған күнімен, ЖСН-мен сәйкес келмеуі;

2) сақтандыру төлемдерінің мөлшерін азайту және Алушы қорға ақшаны қайтару бөлігінде шарт талаптарын өзгерту туралы өтініш берілген күнге сақтандыру төлемдерінің мөлшерін азайту және жөнелтуші қорға ақшаны қайтару бөлігінде шарт талаптарын өзгертуге зейнетақы аннуитеті шарты бойынша өтеу сомасының жеткіліксіздігі;

3) осы Қағидаларының [29](#) және (немесе) [31-тармақтарына](#) сәйкес ұсынылған құжаттардың Кодекстің талаптарына сәйкес келмеуі;

4) шарттың талаптарын өзгерту туралы өтініш осындай шарт жасалған күннен бастап 2 (екі) жылдан аз мерзімді құрайтын мерзімде келіп түсті.

35. Жөнелтуші сақтандыру үйымы шарттың талаптарын өзгерту туралы өтінішті алған күннен бастап құнтізбелік 20 (жиырма) күн ішінде жеке тұлғалардың тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса), туған күні, ЖСН, Алушы қорға қайтарылуға жататын ақша сомасы туралы мәліметтерді қамтитын тізімді қоса бере отырып және № 203 Қағидаларға сәйкес төлемдерді тағайындау кодтарын көрсете отырып, МТ 102 нысанындағы төлем тапсырмаларымен төлем жүйесі арқылы аударады.

Шарттың талаптарын өзгерту туралы өтінішті қарau кезеңінде сатып алу сомасының өзгеруі Алушы қорға қайтарылуға жататын ақша сомасын аударудан бас тарту үшін негіз болып табылмайды.

36. Алушы қор Жөнелтуші сақтандыру үйымынан қайтарылуға жататын ақша сомасын алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде оларды Алушы қордың ішкі құжаттарында анықталған тәртіппен сақтанушының жеке зейнетақы шоттарына аударады.

#### *6-тaraу 2024 ж. 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі*

6-тарау. Сақтандыру үйымы, СБДҚ қалыптастыру жөніндегі үйым және Жөнелтуші қор арасында зейнетақы аннуитеті шарттары бойынша деректер алмасу тәртібі мен мерзімдері

37. Жөнелтуші қор мен сақтандыру үйымы арасында, бір сақтандыру үйымы мен басқа сақтандыру үйымы арасында Зейнетақы аннуитеті шарттарын жасасу және бұзу, қолданыстағы зейнетақы аннуитеті шарттарына өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу кезінде ақпарат алмасу сақтандыру үйымы мен СБДҚ қалыптастыру жөніндегі үйым арасында, Жөнелтуші қор мен СБДҚ қалыптастыру жөніндегі үйым арасында жасалған тиісті келісімдерде белгіленген тәртіппен, СБДҚ қалыптастыру жөніндегі үйым арқылы жүзеге асырылады.

38. Сақтандыру үйымы мен СБДҚ қалыптастыру жөніндегі үйым арасында, СБДҚ қалыптастыру жөніндегі үйым мен Жөнелтуші қор арасында алмасуға жататын ақпарат осы Қағидалардың [37-тармағында](#) көрсетілген келісімдерде айқындалған мәліметтерді қамтиды, оның ішінде өтініш берушінің немесе алушының және (немесе) сақтанушының дербес деректерін, сақтандырылған тұлғаның дербес деректерін жинауға және өндеге келісімінің болуы.

39. Сақтандыру үйымы өтініш берушімен (өтініш берушілермен) немесе алушымен (алушылармен) және (немесе) сақтанушымен (сақтанушылармен) зейнетақы аннуитеті шартын немесе зейнетақы аннуитеті шартына қосымша келісім жасаган/бұзған күннен бастап 1 (бір) жұмыс күнінен кешіктірмей осы Қағидалардың 37-тармағында көрсетілген келісімде айқындалған тәртіппен өтініш берушімен (өтініш берушілермен) немесе алушымен (алушылармен) және (немесе) сақтанушымен (сақтанушылармен) жасалған/бұзылған зейнетақы аннуитеті шарты немесе зейнетақы аннуитеті шартына

қосымша келісім туралы электрондық хабарламаны СБДК қалыптастыру жөніндегі үйімға жібереді.

40. СБДК қалыптастыру жөніндегі үйім осы Қағидалардың [39-тармағына](#) сәйкес сақтандыру үйімнан электрондық хабарламаны алған күні алынған мәліметтерді өндеуді жүзеге асырады және осы Қағидалардың 37-тармағында көрсетілген келісімде айқындалған тәртіппен және мерзімдерде Жөнелтуші қорға және (немесе) сақтандыру үйімінде тиісті электрондық хабарламаны береді.

41. Жөнелтуші қор және (немесе) сақтандыру үйім осы Қағидалардың [37-тармағында](#) көрсетілген келісімде айқындалған тәртіппен және мерзімдерде СБДК қалыптастыру жөніндегі үйімнан алынған электрондық хабарламаны өндеуді жүзеге асырады.

Егер өтініш беруші (өтініш берушілер) немесе алушы (алушылар) Кодекстің [220-бабы 1-тармағының 2\) тармақшасында](#), [221-бабы 1-тармағының 2\) тармақшасында](#) көрсетілген тұлға болып табылса, Жіберуші қор «МОДБ» АЖ-дан өтініш берушіде (өтініш берушілерде) немесе алушыда (алушыларда) мерзімсіз бірінші немесе екінші топтағы белгіленген мүгедектікін бар-жоғы туралы мәліметтерді сұратады.

Өтініш беруші (өтініш берушілер) немесе алушы (алушылар) Кодекстің [221-бабы 1-тармағының 4\) тармақшасында](#) көрсетілген тұлға болып табылса, Жөнелтуші қор өзінің ақпараттық жүйесінде міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарының жиынтығында кемінде құнтізбелік 60 (алпыс) ай төлену фактісін тексереді.

42. Жөнелтуші қор Қағидалардың [14-тармағының](#) талаптарына сәйкес келетін, СБДК-ны қалыптастыру жөніндегі үйімнан сақтандыру үйімімен зейнетақы аннуитеті шартын жасасу туралы мәліметтерді алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күнінен аспайтын мерзімде өтініш берушінің (өтініш берушілердің) немесе алушының (алушылардың) зейнетақы жинақтарын сақтандыру үйімінде аударады.

Міндетті зейнетақы жарналары және (немесе) міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен қалыптастырылған зейнетақы жинақтарының сомасы аудару күніне жеткіліксіз болған кезде Жөнелтуші қор өтініш берушінің (өтініш берушілердің) немесе алушының (алушылардың) ерікті зейнетақы жарналары есебінен қалыптастырылған зейнетақы жинақтарын аударуға келісімі болған кезде және олар міндетті зейнетақы жарналары және (немесе) міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен қалыптастырылған зейнетақы жинақтарына қосымша болған кезде, өтініш берушінің (өтініш берушілердің) немесе алушының (алушылардың) ерікті зейнетақы жарналары есебінен қалыптастырылған зейнетақы жинақтарын аударады.

43. Сақтандыру үйімі Қағидалардың [14-тармағының](#) талаптарына сәйкес келетін, СБДК-ны қалыптастыру жөніндегі үйімнан сақтанушының (сақтандырушылардың) жаңа сақтандыру үйімімен зейнетақы аннуитеті шартын жасасу туралы мәліметтерді алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде сатып алу сомасын жаңа сақтандыру үйімінде аударады.

44. Жөнелтуші қор және (немесе) сақтандыру үйім осы Қағидалардың [37-тармағында](#) көрсетілген келісімде айқындалған тәртіппен және мерзімдерде СБДК-ны қалыптастыру жөніндегі үйімінде сақтандыру сыйлықақысын сақтандыру үйімінде аударуды жүзеге асыру туралы не сақтандыру сыйлықақысын сақтандыру үйімінде аударуды жүзеге асырудан бас тарту себептерін көрсете отырып бас тарту туралы хабарлайды:

1) өтініш берушінің (өтініш берушілердің) немесе алушының (алушылардың), сақтанушының (сақтандырушылардың) СБДК-ны қалыптастыру жөніндегі үйімнің электрондық хабарламасында көрсетілген тегінің, атының, әкесінің атының (бар болса), туған күнінің, ЖСН-нің Жөнелтуші қордың немесе сақтандыру үйімінде дерекқорында көрсетілген тегімен, атымен, әкесінің атымен (бар болса), туған күнімен, ЖСН-мен сәйкес келмеуі;

2) өтініш берушінің (өтініш берушілердің) және (немесе) алушының (алушылардың) Кодекстің [207-бабы 1-тармағында](#), [220-бабы 1-тармағының 2\) және 4\) тармақшаларында](#),

221-бабы 1-тarmaғының 2) және 4) тармақшаларында көрсетілген адамдардың санаттарына сәйкес келмеуі;

3) егер әр сақтандырылуышыға ай сайынғы сақтандыру төлемінің мөлшері сақтандыру төлемдерінің кестесіне сәйкес Кодексте белгіленген және зейнетақы аннуитеті шартын жасасу күніне қолданылатын мөлшерден кем болса;

4) егер зейнетақы жинақтарын аудару күні өтініш берушінің (өтініш берушілердің) немесе алушының (алушылардың) жеке зейнетақы шоттарындағы зейнетақы жинақтарының сомасы міндettі зейнетақы жарналарын және (немесе) міндettі кәсіптік зейнетақы жарналарын және (немесе) ерікті зейнетақы жарналарын (бар болса) есепке алу үшін зейнетақы аннуитеті шартында көрсетілген зейнетақы жинақтарының сомасынан кем болса;

5) зейнетақы аннуитеті шартын немесе зейнетақы аннуитеті шартына қосымша келісім жасасу күні өтініш берушінің (өтініш берушілердің) немесе алушының (алушылардың) және (немесе) сақтануышының (сақтандырушылардың) жеке басын қуәландыратын құжаттың жарамсыздығы;

6) зейнетақы аннуитеті шартын жасасқан адамның қайтыс болуы.

#### 45. СБДК-ны қалыптастыру жөніндегі ұйым:

1) Жөнелтуші қор немесе сақтандыру ұйымы сақтандыру сыйлықақысының сомасын сақтандыру ұйымына аударған кезде СБДК-да зейнетақы аннуитеті шартының немесе зейнетақы аннуитеті шартына қосымша келісімнің мәртебесін «кушіне енбегеннен» «кушіне енгенге» өзгертеді;

2) Жөнелтуші қор немесе сақтандыру ұйымы сақтандыру сыйлықақысының сомасын сақтандыру ұйымына аударған кезде СБДК-да зейнетақы аннуитеті шартының немесе зейнетақы аннуитеті шартына қосымша келісімнің мәртебесін «кушіне енбегеннен» «сақтандыру сыйлықақысын аударудан бас тартуға» бас тарту себебін көрсете отырып өзгертеді;

3) осы Қагидалардың 37-тarmaғында көрсетілген келісімде айқындалған форматпен және мерзімдерде сақтандыру ұйымына өндөлген мәліметтерді береді.

46. Сақтандыру ұйымы жазбаша түрде немесе зейнетақы аннуитеті шарты тараптарының келісімімен айқындалған өзге тәсілмен өтініш берушіге (өтініш берушілерге) немесе алушыға (алушыларға) 5 (бес) жұмыс күні ішінде:

1) сақтандыру сыйлықақысын алған күннен бастап – сақтандыру сыйлықақысының сомасын көрсете отырып сақтандыру сыйлықақысының келіп түскені және зейнетақы аннуитеті шартының немесе зейнетақы аннуитеті шартына қосымша келісімнің күшіне енгени туралы;

2) Жөнелтуші қордың немесе сақтандыру ұйымының сақтандыру сыйлықақысын сақтандыру ұйымына аударудан бас тарту себебін көрсете отырып бас тарту туралы мәліметтерді СБДК-ны қалыптастыру жөніндегі ұйымнан алған күннен бастап хабарлайды.

### 7-тaraу. Қорытынды ережелер

47. Өтініш берушінің (өтініш берушілердің) және (немесе) алушының (алушылардың) және (немесе) сақтануышының (сақтандырушылардың) зейнетақы жинақтарын (сатып алу сомасын) Жөнелтуші қордан (жөнелтуші сақтандыру ұйымынан) сақтандыру ұйымына аударуға байланысты шығыстар Жөнелтуші қордың (жөнелтуші сақтандыру ұйымының) өз қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

Алушы қорға, сақтануышыға (сақтандырушыларға) қайтарылуға жататын ақша сомасын Жөнелтуші сақтандыру ұйымынан Алушы қорға аударуға байланысты шығыстар Жөнелтуші сақтандыру ұйымының меншікті қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

48. Егер құжаттың түпнұсқасымен бірге көшірмесінің дұрыстығын қуәландыру, сенімхатты қуәландыру бөлігінде нотариаттық іс-әрекеттер шет мемлекетте жүргізілген

жағдайда, онда Қазақстан Республикасы ратификацияланған халықаралық шарттарда өзгеше белгіленген жағдайларды қоспағанда, оларды зандастыру қажет.

49. Осы Қағидаларда көрсетілген құжаттарды ұсыну оларды мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерінен, оның ішінде цифрлық құжаттардың сервистерінен алу мүмкін болған кезде талап етілмейді.